



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

ТҮРКІ ЭПОСТАРЫ ТІЛІНДЕГІ «ТУҒАН ЖЕР» КОНЦЕПТІСІ (ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ҚЫРҒЫЗ ТІЛДЕРІ ДЕРЕКТЕРІ НЕГІЗІНДЕ)**Рүстемова Фариза Жандарбекқызы***farizarustemova.95@mail.ru*Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Түркітану кафедрасының магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.к., доцент У.А.Мусабекова

Бүгінгі таңда концепт ұғымы ғылыми айналымға белсенді түрде енді. Ол когнитивтік лингвистика мен лингвомәдениеттанудың басты терминдерінің бірі болып саналады. Осы тұрғыдан концепт көптеген зерттеушілердің: лингвист, филолог, когнитолог мамандардың зерттеу нысанына айналып отыр.

Ең алдымен, «концепт дегеніміз не?», «концепт пен ұғым екеуі бір ме?» деген мәселе төңірегінде біраз зерттеулер болғандығын айта кетуіміз керек. Сондықтан да тіл білімінде концепт терминіне берілген анықтамалар өте көп. Концептілерді зерттеу халықтың менталитетін, рухын, жан дүниесін жақсы түсінуге, сол ұлттың әлемдік бейнесін сол ұлттың көзімен көруге мүмкіндік беретіндігін айтып өтуіміз керек.

Концептінің беретін ұғымын түсіндіру арқылы жеке адамдардан бастап, қоғамдық топтардың бүкіл бір ұлттың, халықтың ой-өрісінің, дүниетанымының ерекшеліктерін анықтауға болады. Мәдениет адамзат баласының ақыл-ойы мен маңдай терінен туындаған жетістіктердің бәрін қамтитын болғандықтан, мәдениет атауының мәні кең. Әсіресе ұлттың ерекшелігін, таным түсінігін, ой-өрісін, яғни бір сөзбен айтқанда, мәдени болмысын танытатын лексемаларды мәдени концепт ретінде когнитивті тұрғыда қарау қажет.

Біз «туған жер» концептісінің қазақ-қырғыз танымында қандай ұғым беретінін қарастыра отырып, халықтың басынан кешкен өмірін, ұлттық ерекшелігін, дүниетанымын тани аламыз, адамзатты табиғатты, Отанын сүюге тәрбиелейміз. «Туған жер» концептісін зерделеу арқылы адамның ой мен түсінігін тұжырымдап тілдің этнолингвистикалық сипатын айқындай аламыз. Осы ретте түркі эпостарында (қазақ, қырғыз деректері негізінде) «туған жер» концептісі қаншалықты орын алатынын қарастыруды мақсат еттік. «Туған жер» концептісі қай халыққа да қатысты. Ол әсіресе түркі халықтары үшін ерекше құнды дүние болып табылады. Түркі халықтары үшін (қазақ, қырғыз) «туған жер» концептісі «*атамекен*», «*атақоныс*», «*атажұрт*», «*кіндік қаны тамған жер*» секілді модельдердің қатысымен анықталады. Ол атадан балаға мирас болып қалып отыратын мәдени мұра. Енді осыларға жеке-жеке тоқтала кетсек.

Туған жер туралы ұғымды тануда концептілік құрылымдардың санада бейнеленуі, әр түрлі формада көрініс табуы үлкен қызмет атқарады. Сондықтан да біз осындай құрылымдық ерекшеліктерге сүйене отырып, туған жерге қатысты адам баласының ой-пікірін, ішкі толғаныстан туындаған сезімдерін, туған жер туралы танып-білген түсініктерін семантикалық, танымдық ерекшеліктеріне қарай бірнеше топтарға топтастырдық. *Отан* – белгілі бір мемлекеттің тірегі, ошағы. Қазақстан мемлекеті қазақ елінің және Қазақстан жерін мекендейтін адамдардың да Отаны ретінде саналады. Ал шетелден келген қандастарымыздың туылған жері, туып-өскен мекені өзге мемлекет болуы да мүмкін, бірақ олардың Отаны – Қазақстан. Себебі, ол ата-бабаларының мекен еткен ордасы. Қоғамдағы келеңсіз жағдайлардың салдарынан өзге елдің шекарасынан өтіп кеткен қандастарымыз әрдайым өздерінің Отанын мақтан етері хақ. Сондықтан да Отан үлкен, ауқымды мағынаға ие. Ал енді туған жер ұғымын Отанның бір бөлшегі ретінде қарастыруымыздың себебі, адам топтеп келгенде өзінің туған жері ретінде өзінің туған ауылын атайды. Мәселен қазақ елінің туған жері – Қазақстан (жалпы ұғымда). Яғни, Қазақстан мемлекеті қазақ елінің тәуелсіз Отаны. Осыдан бастау алатын туған жер ұғымы бірте-бірте бөлшектене түседі. Мәселен, Қазақстан мемлекеті, өлке, аумақ, облыс, аудан, қала, ауыл, көше, үй (белгілі бір адамның қара шаңырағы). Белгілі бір адам ауқымды мағынада өзінің туған жері Қазақстан мемлекеті

ретінде ұғынады.

Туған жер – белгілі бір тұлғаның дүниеге келген ортасы, географиялық атау мен қазақ баласының туып-өскен мекенінің жиынтық формасы. Яғни Туған жер – *кіндік қан тамған жер*.

Туған жер – *Ата қоныс, Атамекен*. Көшпелі қазақ танымындағы «туған жер» ұғымы кір жуып, кіндік кескен жер ғана емес, ата-бабасының сүйегі жатқан қасиетті мекені, ата-қоныстық сипат алған мекені. Яғни туған жер ұғымы атақоныстық, атамекендік мағынада жұмсалады. Ата қоныс (мекен, жұрт). Белгілі халықтың ежелгі мекені. Атамекен. Бұл тура-сында тілімізде «*атақоныс – алтын мекен*» мақал да кездеседі.

Жалпы ұлттық стереотиптік ұғымда атамекен еуропалық ғалымдарының түсінігіндей «көшпелілердің көшіп-қонып жүретін территориясы, малға жайлы жайылымдық жерлері емес», атамекен ата-бабасының кіндік қаны тамған жері, екіншіден, ата-бабасының бейіті жатқан жері, үшіншіден, атамекен болатын жердің таңдалуы қасиетті әулиелердің, пайғамбарлардың батасымен, Алланың қалауымен жүзеге асырылады, төртіншіден, ата-бабаның қаны төгіліп, жаудан қорғап алып қалған жері. Бесіншіден ол – ағайын-тума ортасы» [1], - дейді.

Туған жер – *бабаларымыздың аманаты*. Қазіргі әдебиетімізде өзіндік орны бар, атақты ақындарымыздың бірі Оразалы Асқардың мына бір өлең шумақтарынан сонау бір кездері қоғамның дүрбелеңінен жер ауып, өзге елдің шекарасына өтіп кеткен заманда, туған жерді аңсаған ақын өз елінің топырағын басып, қайтып келген кезде: *Атыңнан, айналайын, атамекен, Әр тасың алтын тақпен қатар екен, Әр төбең өзіме оттай басылады, Басына атам шыққан жота ма екен*, деп туған жерін алтын тақпен қатар қойып бағалап, ата-бабасының ізі қалған жоталарымен ыстық екендігін жырға қосқандығын көруге болады. Ал ақиық ақын Мұқағали Мақатаев өз жырларында туған жері туралы терең толғаныстарға барады.

Туған жерді ата-бабаларының аманаты деп қабылдаған қазақ танымында, қазақ жүрегін- де, туған ұлдың өзегінде атамекенге деген құрмет жатады. Туған жер табиғаты әсемдігінің жырлануы ата қоныс мекендер табиғатының құштарлық, шабытты рухпен суреттелуі табиғи заңдылық. Атамекенге қатысты когнитивтік бірліктер тізбегін былайша түзуге болады: *атамекен, атақоныс, атақоныс жер қымбат, туып өскен ел қымбат, атамекен анаң екен, қысылғанда панаңекен. Атамның қонған қонысы, Атам қонған кең далам, Бабамның тері тамып, қаны сіңген, Бабамның өсіп- өнген жері, Аруағын көмген жер, аталары- ның қонысы, ата-баба жұртын басу*, т.б.

Қай халық болсын өзінің батырлар жырында да осы «туған жер» тақырыбын қозғайды. Жырдағы батырлар жеке басының қамын ойламайды, елдің амандығын, бүтіндігі үшін отқа күйіп, суға батудан тайынбайды. Айталық, «Алпамыс батыр» жыры халықтың бірлігін, тұтастығын, ынтымағын армандаудан туған. Бірлігі бар ел ғана жауға қарсы тұрып, туған жердің қасиетті топырағын жауға таптатпайды деген түйін жатыр. Жырда Алпамыс Тайшық ханның қанды шеңгелінен елін аман алып қаламын деп, оның құрған тұзағына байқаусызда түсіп, жеті жыл зынданда жатады.

«Жаңа көрдім, Байсынды

Жерім жеймін, жар-жар

Жаңа көрдім, Қоңыратты

Елім деймін, жар-жар» [2, 144 б.] -

деген батырдың сөзінде жылылықпен қатар, туған жерге деген асқан сүйіспеншілігі байқалады.

Дәл сол сияқты «Ер Тарғын» жырындағы Тарғын бір рудың емес, барша жұрттың батыры ретінде ерекшеленеді. Ол басқыншы жаудан елін қорғайды, сол елдің бүтіндігі мен бірлігін сақтауға қызмет етеді. Жырда батырды көзсіз ерлікке итермелейтін басты нәрсе – туған жерге, өскен елге деген махаббат. Оны Тарғынның өзі былайша айтқан:

«Еділдің ар жағында

Атаңа нәлет қалмақтың

Сыңсып жатқан малы үшін –
Аттанбадым олжа үшін
Аттанғанмын дұшпанға
Ата-бабамі бар үшін!» [2, 175 б.]

Бұдан Тарғынның ел намысын жоғары ұстап, бірлік пен ынтымақ туын биік ұстайтын адал азамат екендігі көрінеді.

Қырғыз батырлар жырларында да «туған жер» тақырыбы жиі қозғалады. Сондай жырлардың біріне – «Манас жыры» жатады.

Манас жыры - мазмұн байлығы, көлемі мен көркемдік жыр кестесі жағынан да әлем халықтары әдебиетінің алтын қорынан ойып тұрып орын алатын батырлық эпос. Онда алып Манас батырдың дүниеге келгенінен бастап, бүкіл үрім-бұтағымен жалғасқан батырлық, ерлік дәстүр қосыла жырланады. Эпос аса ауқымды көлем құрайды. Ол - тек қырғыз халқының ғана емес, күллі түркі халықтарының тарихи мен салт дәстүрінен, рухани әлемінен мол мағлұмат беретін энциклопедия тектес мұра [3, 304 б.]. Онда қазақ халқының тарихына қатысты оқиғалар да кеңінен қамтылып отырады, қазақ жырларымен сарындас тұстар да жетерлік. Манасшылар күнді-күнге, айды-айға қосып жырлайтын алып жырдың көркем табиғатына кезінде қазақтың ұлы ғалымдары Ш. Уәлиханов, М. Әуезовтер ерекше көңіл аударып, оның алғашқы зерттеушілері болған. Жырда «Қаңғай, Қаңғай, Қаңғай деп, Қайғайлаған ұран бар, Алтай, Алтай, Алтай деп, Алтайлаған ұран бар» деген өлең жолдары кездеседі.

«Атамдан калған Анжиян
Ақыры іздеп табам деп,
Алда таала буюрса
Алоокени чабам деп
Арстан Манас баатыры

Айбатыр салып ақыры» [4] деген өлең жолдарынан Манас батырдың туған жеріне деген асқан сүйіспеншілігін байқауымызға болады.

Қырғыз халқының мақтанышы іспетті шығармалардың бірі болған «Семетей» дастаны, біріншіден туған жер, туған ел үшін ішкі – тысқы жаулармен күресу, яғни батырлық тақырыбын, екіншіден, тұрмыстық – салттық, адамгершілік, махаббат, достық сияқты мәңгілік тақырыптарды қамтиды. Сонымен бірге «Семетей» дастанында қырғыз жұртының әдет – ғұрпы, ұлттық салты, тұрмыс жағдайы да баяндалған. Олар шығарманың ұлттық бедерін танытып, идеялық мазмұнын, халықтық сипатын айқындап тұрады.

Қорытындылай келе, қазақ, қырғыз халықтарының батырлар жырларында «туған жер» концептісі ұшырасады. Бұл концепті батырдың ішкі жан дүниесімен астасып жатыр. Мұнда Отанға, туған жерге деген батырлардың сүйіспеншілігі, патриоттық сезімі ашық аңғарылады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Нұрдәулетова Б. Когнитивтік лингвистика. – Алматы : Дәуір, 2011, 312 б.
2. Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. – Алматы: Мектеп, 1974, 318 б.
3. Жалпы білім беретін мектептің 6-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Атамұра, 2011.
4. Манас. Қырғыз элинин баатырдык эпосу, 2-китеп. С. Орозбаковдун варианты боюнча. Кырг. респ. Ул. илимдер академиясынын адабият жана искусство ин-ту. Сүрөтчүсү Б. Жайчыбеков.— Б. Кыргызстан. 1995, 800 б.